

Катонқарағай ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 272 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 шілдеде № 4048 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 25 наурыздағы № 112 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы әкімдігінің 25.03.2016 № 112 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 25 бабына, 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес, Катонқарағай ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Катонқарағай ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібі осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Катонқарағай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 210 " Катонқарағай ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" қаулының күші жойылсын.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Байғонұсов

Катонқарағай ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "17" маусымдағы
№ 272 қаулысына 1-қосымша

Катонқарағай ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың Схемасы

№	Тура бағыт	Кері бағыт
1	2	3

1	Аялдама: "Катонқарағай ауданының аграрлық-техникалық колледжі", Астана көшесі, Үлкен Нарын ауылы, Үлкен Нарын ауылдық округі , Катонқарағай ауданы Аялдама: "Сарыарқа" дүкені, Б. Слямов көшесі, Үлкен Нарын ауылы, Үлкен Нарын ауылдық округі , Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауданы Үлкен Нарын ауылдық округінің Үлкен Нарын ауылы "Үлкен Нарын ауылдық лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, "Қ. Дамитов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, "В.И. Ленин атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 150 метр қашықтықтағы алаң	Катонқарағай ауданы Үлкен Нарын ауылдық округінің Үлкен Нарын ауылы "Үлкен Нарын ауылдық лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, "Қ. Дамитов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, "В.И. Ленин атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 150 метр қашықтықтағы алаң Аялдама: "Катонқарағай ауданының аграрлық-техникалық колледжі", Астана көшесі, Үлкен Нарын ауылы, Үлкен Нарын ауылдық округі , Катонқарағай ауданы Аялдама: "Сарыарқа" дүкені, Б. Слямов көшесі, Үлкен Нарын ауылы, Үлкен Нарын ауылдық округі , Катонқарағай ауданы
2	Аялдама: Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылдық округі, Катонқарағай ауылы, Абай көшесіндегі Срымсақты озеніндегі көпір Аялдама: Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылдық округі, Катонқарағай ауылы, Абай көшесіндегі 1 үй	Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылдық округінің Катонқарағай ауылындағы "В.И. Ленин атындағы орта мектебі (К)" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, "Е.П. Рыков атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 150 метр қашықтықтағы алаң
	Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылдық округінің Катонқарағай ауылындағы "В.И. Ленин атындағы орта мектебі (К)" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, "Е.П. Рыков атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 150 метр қашықтықтағы алаң	Аялдама: Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылдық округі, Катонқарағай ауылы, Абай көшесіндегі Срымсақты озеніндегі көпір Аялдама: Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылдық округі, Катонқарағай ауылы, Абай көшесіндегі 1 үй
3	Аялдама: Катонқарағай ауданы, Белқарағай ауылдық округі, Өрнек ауылының орталық көшесіндегі алаң Катонқарағай ауданы, Белқарағай ауылдық округі, Белқарағай ауылы "О. Бөкей атындағы Белқарағай орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң	Катонқарағай ауданы, Белқарағай ауылдық округі, Белқарағай ауылы "О. Бөкей атындағы Белқарағай орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң Аялдама: Катонқарағай ауданы, Белқарағай ауылдық округі, Өрнек ауылының орталық көшесіндегі алаң
4	Аялдама: Катонқарағай ауданы, Аққайнар ауылдық округі, Аққайнар ауылы, Кусаинов көшесіндегі алаң Катонқарағай ауданы Аққайнар ауылдық округі, Аққайнар ауылы "Чернова орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 40 метр қашықтықтағы алаң	Катонқарағай ауданы Аққайнар ауылдық округі, Аққайнар ауылы "Чернова орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 40 метр қашықтықтағы алаң Аялдама: Катонқарағай ауданы Аққайнар ауылдық округі Аққайнар ауылы Кусаинов көшесіндегі алаң
5	Аялдама: Катонқарағай ауданы, Ново-Хайрузовка ауылдық округі, Алыбай ауылының Абай көшесіндегі алаң Катонқарағай ауданы, Ново-Хайрузовка ауылдық округі, Ново-Хайрузовка ауылының "Ново-Хайрузовка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 40 метр қашықтықтағы алаң	Катонқарағай ауданы, Ново-Хайрузовка ауылдық округі, Ново-Хайрузовка ауылының "Ново-Хайрузовка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 40 метр қашықтықтағы алаң Аялдама: Катонқарағай ауданы, Ново-Хайрузовка ауылдық округі, Алыбай ауылының Абай көшесіндегі алаң
	Аялдама: Катонқарағай ауданы, Ақсу ауылдық округі, Бекалка ауылының орталық көшесіндегі алаң	Катонқарағай ауданы, Ақсу ауылдық округі, Ақсу ауылындағы "Ақсу орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік

6	Катонқарағай ауданы, Ақсу ауылдық округі, Ақсу ауылындағы "Ақсу орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 40 метр қашықтықтағы алаң	мекемесінен 40 метр қашықтықтағы алаң Аялдама: Катонқарағай ауданы, Ақсу ауылдық округі, Бекалқа ауылының орталық көшесіндегі алаң
7	Аялдама: Катонқарағай ауданы, Жамбыл ауылдық округі, Ақмарал ауылының орталық көшесіндегі алаң Катонқарағай ауданы, Жамбыл ауылдық округі, Жамбыл ауылындағы "Жамбыл орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 40 метр қашықтықтағы алаң	Катонқарағай ауданы, Жамбыл ауылдық округі, Жамбыл ауылындағы "Жамбыл орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 40 метр қашықтықтағы алаң Аялдама: Катонқарағай ауданы, Жамбыл ауылдық округі, Ақмарал ауылының орталық көшесіндегі алаң
8	Аялдама: Катонқарағай ауданы, Жамбыл ауылдық округі, Қайыңды ауылының орталық көшесіндегі алаң Катонқарағай ауданы, Жамбыл ауылдық округі, Жамбыл ауылындағы "Жамбыл орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 40 метр қашықтықтағы алаң	Катонқарағай ауданы, Жамбыл ауылдық округі, Жамбыл ауылындағы "Жамбыл орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 40 метр қашықтықтағы алаң Аялдама: Катонқарағай ауданы, Жамбыл ауылдық округі, Қайыңды ауылының орталық көшесіндегі алаң
9	Аялдама: Катонқарағай ауданы Новополяковка ауылдық округінің Бесүй ауылының "Бесүй бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 40 метр қашықтықтағы алаң Катонқарағай ауданы Ново-Поляковка ауылдық округінің ново-Поляковка ауылы "Новополяковка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 40 метр қашықтықтағы алаң	Катонқарағай ауданы Ново-Поляковка ауылдық округінің ново-Поляковка ауылы "Новополяковка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 40 метр қашықтықтағы алаң Аялдама: Катонқарағай ауданы Новополяковка ауылдық округінің Бесүй ауылының "Бесүй бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 40 метр қашықтықтағы алаң

Катонқарағай ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "17" маусымдағы
№ 272 қаулысына 2-қосымша

Катонқарағай ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

1. Балаларды тасымалдау тәртібі

1. Балаларды тасымалдау жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау заңнамасының талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен жүзеге асырылады.

2. Балаларды тасымалдаушы (бұдан әрі – Тасымалдаушы) жолаушылар мен багажды тасымалдауға заңнаманың талаптарын сақтаумен өзіне тиесілі автобустарды тасымалдау үшін пайдаланатын білім беру ұйымы болып табылады.

3. Тасымалдаушы тасымалдауды орындау алдында бұйрықпен бала-лардың тасымалдауын ұйымдастыру туралы шешімді ресімдейді, онда жүргізушінің, еріп жүрушілердің міндеттерін, жүру маршрутын және бала-лардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар регламенттелінеді.

4. Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық

жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда Тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тасымалданатын балаларға дереу хабарлауға тиіс.

5. Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс.

6. Тасымалдаушы балаларды тасымалдайтын әрбір автобуска өз қызметкерлерінің санынан алғашқы дәрігерлік көмек көрсету әдістері бойынша дайындықтан және балаларды автобуспен тасымалдау кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы нұсқамадан өткен жауапты еріп жүруші адамдарды белгілейді.

7. Нұсқаманы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адам жүргізеді.

8. Балаларды тасымалдау үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына жауап беретін жүргізушілерге рұқсат беріледі.

9. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналарға жол берілмейді:

- 1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүруге;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 6) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

10. Еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізушіге отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

11. Көлік құралы жақындаған кезде еріп жүрушілер балалардың оның алдынан шығуына және жүру бөлігінде болуына жол бермейді.

12. Еріп жүрушілер балаларды отырғызу орнына ұйымдасқан тәртіпте (кіші балаларды – екі-екіден сапқа тұрғызып) жеткізеді. Отырғызу автобустың алдыңғы есігі арқылы жүргізіледі.

13. Еріп жүрушілер автобуска отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде және аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз

етеді.

14. Балаларды автобусқа отырғызу еріп жүрушілердің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

15. Сапар кезінде еріп жүрушілер балалардың:

- 1) салонда тұруына және жүруіне;
- 2) есіктер мен терезелерге жантаюына;
- 3) жоғарғы сөрелерге ауыр және орнықсыз заттарды қоюына;
- 4) қол жүгін өту жолдарына және кіреберістегі (шыға берістегі) алаңдарда орналастыруына;
- 5) терезе ойықтарынан бастарын шығаруына;
- 6) терезеден қоқысты және қандай болса да өзге заттарды тастауға;
- 7) жазатайым жағдайдың алдын алуға бағытталған жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ахуал туралы хабарламалардан басқа жүргізушіні көлік құралын басқарудан алаңдатуына;
- 8) жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда авариялық жабдықтарды пайдалануына;
- 9) есіктерді ашуына;
- 10) төбелесуіне, итерісуіне, қимыл ойындарын ойнауға жол бермейді.

16. Тұрақтау (аялдау) кезінде балаларды автобустан шығару алдыңғы есік арқылы жүзеге асырылады. Автобустан бірінші болып еріп жүруші шығады. Тұрақтау (аялдау) кезінде еріп жүруші автобустың алдыңғы бөлігінде тұруы және балалардың түсуін және содан кейін балалардың жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпауын бақылау қажет.

17. Автобустан шыққанда әрбір бала жеке заттарын бір қолымен көтеріп, ал екінші қолымен баспалдақтардан түскенде тұтқадан ұстауы тиіс. Тепе-теңдікті жоғалтпау және өзге жолаушыларды жарақаттандырмау үшін иықпен көтеріп жүретін рюкзактар мен сөмкелерді оқушылар иықтан шешіп, қолдарына алулары тиіс.

18. Түсірген кезде еріп жүрушілер балалардың:

- 1) есікке қарай қозғалғанда төбелесуіне, итерісуіне;
- 2) баспалдақтардан секіруіне;
- 3) көлік құралын жолдың жүргінші бөлігінен айналып өтуіне, оған шығуына;
- 4) жүргінші бөліктің маңында қимыл ойындар ойнауына жол бермейді.

19. Түсіргеннен кейін еріп жүрушілер:

- 1) жеткізу орнына келген балаларды санап шығады;
- 2) ұйымдасқан түрде оларды түсіру орнынан және автобустардың тұрақтау алаңшаларынан ертіп жүреді.

2. Қорытынды ережелер

20. Ауданның шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау бойынша осы тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК